

2

Құрылысқа үлес
қосқан азаматтар
марапатталды

3

Кәсіподақтар
қозғалысының
жаңа белесі

Сыр бойы

№153 (21029) 9 қазан, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kzwww.instagram.com/syrboyi_kzt.me/syrboyi_kztwitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚТЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының XII саммитінде сөз сөйледі. Ең алдымен, ерекше қонақжайлық көрсеткені үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке ризашылығын білдіріп, бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша, күн тәртібі өзекті екенін айтты.

— Түбі бір түркі жұртының тарихы — тамырлас, халықтарымызға ортақ сан ғасырлық шежіреміз бар деп үнемі айтып жатырмыз. Мұның бәрі — берекелі бірлігіміз бен мәңгілік ынтымағымыздың алтын арқауы. Жақында елдеріміз «Түркі халықтарының ынтымақтастық күнін» атап өтті. Бұл — бірлігімізді бекемдей түсетін маңызды мереке. Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы достас халықтардың басын қосқан мәртебелі әрі беделді құрылымға айналды. Былтырдан бері Ұйымға құрметті Президент Садыр Жапаров бастаған қырғыз елі тиімді төрағалық етті. Қырғыз тарапына ризашылығымызды білдіреміз. Енді төрағалық құрметті Ильхам Гейдар оглудың басшылығымен Әзербайжан тарапына беріледі. Алдағы уақытта да Ұйымымыздың абырой-беделі арта түседі деп сенеміз, — деді Президент.

Мемлекет басшысы жаһандық қауіпсіздік жүйесі күрделі кезеңді бастан өткізіп жатқанын атап өтіп, қақтығыстар мен шиеленістер, геосаяси текетіретер әлемнің кез келген мемлекетіне әсер ететін қауіпті үрдіске айналғанына тоқталды.

— Осындай алмағайып заманда 30 жылдан астам уақыт шешімін таппаған шиеленіске қатысты Әзербайжан мен Арменияның Бейбітшілік декларациясына қол қойғанын ерекше атап өткім келеді. Бұл тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жол ашатын тарихи мәміле болды. Қазір әлемдегі геосаяси

ахуал аса күрделі, сондықтан түркі елдері ортақ мүдде жолында күш жұмылдыруға тиіс. Бүгінде жаһан жұрты бізді зор сын-қатерлерге төтеп бере алатын, беделі мықты, ынтымағы жарасқан мемлекеттер ретінде таниды. Бірқатар ел біздің Ұйымға ерекше қызығушылық танытуда. Бұл ретте Қазақстан ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған «Түркі мемлекеттері ұйымы+» форматын құру идеясын қолдайды. Осы бастама біздің Ұйымның халықаралық беделін арттыруға жол ашатыны сөзсіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Түркі мемлекеттері аумағында тұрақтылықты, қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайту ісінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің рөлі мен әлеуеті ерекше.

— Кеңесті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыру үдерісіне қолдау көрсеткен Әзербайжан тарапына, сондай-ақ барша түркі мемлекеттеріне шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Түркі елдерінің қауіпсіздікті нығайту және сын-қатерлерге, соның ішінде терроризмге қарсы тұру жолындағы мақсат-мүддесі — ортақ, сондықтан осы бағыттағы ықпалдастығымыз табысты жүзеге асуда. Бәріміз жаһандық қауіпсіздікті сақтау жолындағы бастамаларды қолдап келеміз. Бірақ біз мұнымен шектеліп қалмауымыз керек, — деді Мемлекет басшысы.

2-бет

/// ҚОНЫСТОЙ

БАҚУАТТЫ ТҰРМЫСТЫҢ БАСТАУЫ — ЖАЙЛЫ БАСПАНА

Кеше Қызылорданың Қазақ елі астанасы болғанына және «Қазақ» атауының қайтарылғанына 100 жыл толу мерейтойы аясында Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 320 пәтерлік 4 көпқабатты тұрғын үй кешені пайдалануға берілді. Кейінгі жылдары ерекше қарқынмен дамыған сол жағалау сәулетті тұрғын үйлермен толыға түсті. Салтанатты рәсімге зиялы қауым өкілдері, ел ағалары, қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев тұрғын үй құрылысы саласында атқарылған жұмыстарға тоқталып, жаңа қоныс иелерін құттықтады.

— Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен тұрғындарды баспанамен қамтамасыз



ҚОНЫСТАРЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясат нәтижелі іске асырылуда. Соңғы үш жылда қаржыландырудың барлық көзінен облысымызда 2 млн. 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Кезекте тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер сатып алынып, 25 мыңға жуық тұрғын қоныс тойын тойлады.

Барлық аудан орталықтарында жаңадан салынған 1500-ге жуық пәтер

табысталды. Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан дайын 3800 пәтерді сатып алуға 58 млрд 785 млн теңге бөлінді. Қаржыландырудың барлық көзінен 870 мың шаршы метр тұрғын үй берілді.

Қызылорда қаласының өзінде соңғы үш жылда 5600 пәтер жерлестеріміздің игілігіне айналды. Өткен айда 280 пәтерлік 7 көпқабатты тұрғын үйге кезекте тұрған азаматтар қоныстанды. Ерекше атап өту қажет, өткен жылдан бастап қаламызда заманауи жаңа дизайнмен 7, 9, 12 қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

Бүгін — мемлекет қолдауымен баспаналы болған әр отбасы үшін ерекше қуанышты күн! Жаңа баспаналарымыздың іргетасы берік, қабырғасы мығым, әр отбасының шаңырағы татулық пен берекеге толы болғай! — деді облыс әкімі.

Іс-шарада жаңа тұрғын үйді салған құрылысшыларға облыс әкімінің Алғыс хаты табысталып, Жалағаш ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Өмірбек Шәменов құттықтау сөз сөйледі.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖАУАПТЫ БАСШЫЛАРҒА ТАПСЫРМА ЖҮКТЕЛДІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру жүйесін жаңғырту, көпекелі экономиканы төмендету шаралары талқыланды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Отырыстан кейін осы және өзге де мәселелер бойынша сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

— Жылдың аяқталуына аз уақыт қалды. Тиісті шаралар қабылданып, міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру саласының негізгі нысаналы индикаторлары толық орындалуы керек. Арнайы санаттағы азаматтарды жұмыспен қамту, сақтандыру, жалпы әлеуметтендіру өте маңызды.

2-бет

/// ӨРКЕН

НАН ӨНІМДЕРІ КЕШЕНІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Кеше «Қызылорда-Нан» серіктестігі нан өнімдерін шығару кешенінің ашылу рәсімі өтті. Салтанатты шараға зиялы қауым өкілдері, ел ағалары, қала тұрғындары қатысты.



2-бет

/// ФЕСТИВАЛЬ

ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІН ТОҒЫСТЫРҒАН «ҚОРҚЫТ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА САЗЫ»

Тұран мәдениетінің бастауында тұрған түркі әлемінің ортақ тулғасы Қорқыт баба мұрасын насихаттау мақсатында түркітілдес елдердің «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты халықаралық фольклорлық-музыкалық өнер фестивалі биыл VII мәрте өткізілгені отыр. Айта кетейік, фестиваль облыс әкімдігінің қолдауымен, халықаралық «Түркі мәдениеті және мұрасы» қорымен бірлесіп ұйымдастырылуда. Сыр өңіріндегі дәстүрлі мәдени-танымдық іс-шараға Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Алтай, Тывадан және 200-ге жуық отандық өнерпаздар, ғалымдар, өнер зерттеушілері қатысады деп күтілуде.

Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов, «Түркі мәдениеті және мұрасы» халықаралық қорының Қазақстан Республикасы тарапынан ресми өкілі Серік Нұрмолдаев, Түркия елінің этномузыкатанушысы, фольклортанушы ғалым Фикрет Каракия, Алтай Республикасының Халық артисі, «Алтай Кай» фольклорлық ансамблінің негізін қалаушы Владимир Ынтаев БАҚ өкілдерімен кездесті.

4-бет

/// ЕГІН — 2025

ЕГІН ОРАҒЫ МӘРЕГЕ ЖАҚЫНДАДЫ

Сыр диқандары тағы бір маңызды науқанды аяқтауға жақын. Санаулы күннен кейін егін орағы мәресіне жетеді. Алдын ала мәлімет бойынша елдегі егіншілер межедегі өнімді қамбаға құйып алды. Биыл көптеген қиындықпен бетпе-бет келсе де оған лайықты төтеп берді.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаевтың айтуынша, биыл облыстың егін саласы үшін күрделі жыл болды. Егісті тұрақты суару үшін лимит бойынша 3,9 млрд текше метр су қарастырылды. Соған сәйкес 189,6 мың гектар дақыл егілді. Оның ішінде дәнді дақылдар 93,1 мың гектар, майлы дақылдар 6,4 мың гектар, малазықтық дақылдар 72,7 мың гектар, картоп, көкөніс, бақша 17,4 мың гектар. Күріш 80,9 мың гектарға себілді.

— Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес суды көп қажет ететін күріш егісі көлемі азайтылды. Өткен жылмен салыстырғанда ол 4,7 мың гектарға қысқарды. Биыл вегетациялық кезең Сыр шаруалары үшін өте күрделі болды.

3-бет

/// БӘРЕКЕЛДІ!

«НАЙЗАҒАЙДЫҢ» ЖАРҚЫЛЫ

Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театр труппасы 1-6 қазан аралығында Қостанай қаласында алғаш рет өткен «QIT-FEST» халықаралық театр фестивалінде А.Островскийдің «Найзағай» драмасын сахналап, Алтын жүлде иеленді.

Халықаралық өнер додасында топ жарған театр ұжымын облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құттықтап, алғысын білдірді.

«Қадірлі жерлестер!

Қостанайда Ресей, Армения, Қырғызстан, Иран, Түркия, Грузияның және отандық танымал театрлар қатысқан «QITFEST» халықаралық фестивалі өткен болатын. Сол фестивальде Сыр өңірінің төл театры — Нартай Бекежанов атындағы қазақ музыкалық академиялық драма театры Алтын жүлдеге ие болғаны жайлы ақжолтай жаңалық жетті.

4-бет

Валюта бағамы:

\$ 541,63 kzt

€ 632,24 kzt

₸ 6,61 kzt

Ауа райы:

Бейсенбі

☀️ +18°

☾ +7°

Жұма

☀️ +19°

☾ +6°

БІРЛІК ПЕН ҰНТЫМАҚТЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген елдердің шекараға бағынбайтын жаңа қатермен бетпе-бет келіп отырғанын алға тартып, Ұйым аясында Киберқауіпсіздік кенесін құруды ұсынды.

— Бұл Кеңес мемлекеттеріміздің іс-қимылын үйлестіріп, күш жұмылдыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар цифрлық қауіпсіздік пен технологиялық байланысты бекемдей түседі. Биыл қыркүйекте осы тақырып бойынша Алматыда өткен конференция нәтижелері киберқауіпсіздік саласындағы ықпалдастықты күшейту аса маңызды екенін тағы да растады, — деді Президент.

Мемлекет басшысы экономикалық ынтымақтастықты тұрақтылық пен өсіп-өркендеудің түп негізі ретінде атады.

— Біз 2040 жылға дейінгі Түркі әлемінің даму бағдарын толық іске асыруға баса мән беруіміз қажет. Бүгінгі саммит осы жоспарды нақты шаралармен толықтыруға тиіс. Ұйымға қатысушы әр мемлекеттің өзіне тән артықшылығы және жетістігі бар. Соған қарамастан Ұйым аясында сауда-экономика саласындағы ірі жобаларды жүзеге асыру үшін нақты тетіктер ұсынылған. Соның бірі — Түркі инвестициялық қоры. Осы қаржы ұйымының мүмкіндіктерін барынша пайдалануымыз керек. Биыл Түркістанда елдеріміздің экономика және сауда министрлері бас қосады. Сол кезде Қор қаржыландыратын жобалар тізімін жасаған жөн болар еді. Өнеркәсіп саласындағы ықпалдастық елдеріміздің экономикасын әртарапандыру ісінде маңызды рөл атқарады. Осы орайда, Түркі сауда-өнеркәсіп палатасының әлеуеті зор деп есептейміз. Келесі жылы осы палатаға Қазақстан төраға болады. Бұл бағытта біз нақты жобаларға басымдық беретін Өнеркәсіптік кооперация бағдарламасын қабылдауды ұсынатын боламыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент көлік-логистика саласындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтеруді басты міндеттің бірі санайды.

— Елдеріміз Шығыс пен Батысты, Оңтүстік пен Солтүстікті жалғайтын тоғыз жолдың торабы — Еуразия төрінде орналасқан. Қазір Қазақстан аумағы арқылы 5 халықаралық теміржол дәлізі өтеді. Азия мен Еуропа арасында тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы Қазақстан арқылы жөнелтіледі. Жақында біз «Достық-Мойынты» теміржолының екінші желісін іске қостық. Бұл қадам ТрансҚазақстан теміржол дәлізін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Жаңа жол жүк тасымалының көлемін 5 есе арттыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа тағы да екі маңызды теміржол салынып жатыр. Осы жобалар аймақтық логистиканы әртарапандыру ісіне тың серпін беретін анық. Транскаспий халықаралық көлік бағдары Еуразиядағы жол торабының стратегиялық бөлігіне айналды. Соңғы 5 жылда Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі 6 есе өсті. Жақында Ұйымға мүше мемлекеттердің көлік министрлері Алматыда бас қосты. Тараптар кездесуде осы жол бағдарына қатысты бірқатар келісімге қол жеткізді. Бұл ретте біз түркі мемлекеттерін Орта дәліз бойындағы әуе хабтары, теміржол бекеттері және теңіз порттары инфрақұрылымын жаңғыртуға белсене атсалысуға шақырамыз. Қазір көлік-транзит саласын цифрландыруға қатысты жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Осы орайда Жасанды интеллект технологиясын пайдалану тиімді болатыны сөзсіз. Сондықтан беделді сарапшыларды тарта отырып, Ұйым аясында арнайы Цифрлық мониторинг орталығын құру мәселесін талқылауды ұсынамыз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан цифрландыру ісіне, соның ішінде жасанды интеллект саласын дамытуға ерекше мән беретінін мәлімдеп, толық цифрлық ел болуды стратегиялық мақсат ретінде айқындағанын жеткізді.

— Жасанды интеллектті жаппай дамыту үшін білікті мамандар даярлауды қолға алдық. Бағдарлама аясында жыл басынан бері 400 мыңнан астам студент арнайы білім алды. Сондай-ақ жасанды интеллект мамандарын оқытатын тұңғыш зерттеу университетін ашуды жоспарлап отырмыз. Қазақстан осы оқу ордасында білім алуға ниет білдірген түркі елдерінің жастарына арнайы гранттар бөлуге дайын, — деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев аталған салалар бойынша Ұйым аясында жүзеге асыруға болатын бірқатар бастамаға тоқталып өтті.

— Жуырда Астанада Alem.AI жасанды интеллект орталығы ашылды. Соның негізінде Түркі мемлекеттері ұйымының Цифрлық инновациялар орталығын құруды ұсынамыз. Бұл Орталық стартаптарды қолдап, бірлескен жобаларды дамытуға жол ашады. Жасанды интеллект саласында тәжірибе алмасуға және венчурлік капитал тартуға мүмкіндік береді. Біз цифрландыру және жасанды интеллекттің әлеуетін халықтарымыздың игілігі үшін ұтымды пайдалануымыз қажет. Сонымен қатар жаңа технологиялардан туындайтын тәуекелдер мен сын-қатерлердің алдын алуымыз керек. Сондықтан келесі жылы Қазақстанда өтетін Ұйымның бейресми саммитін «Жасанды интеллект және

цифрлық даму» тақырыбына арнаулы ұсынамын. Осы жиынның қарсаңында білікті сарапшылардың басын қосып, халықаралық конференция ұйымдастыруға дайынбыз, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі жағдайда энергетика мәселесіне де баса мән беру керек екенін айтты.

— Бұл — экономикамыздың тірегі, стратегиялық әріптестігіміздің негізі. Бүгінде біз ортақ инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырудамыз. Энергия тасымалдаудың қауіпсіз әрі ыңғайлы жолдарын қарастырып жатырмыз. Қазақстан, Әзербайжан және Өзбекстан арасындағы жасыл энергия дәлізі — осы саладағы жемісті ынтымақтастық үлгісі. Сонымен бірге жанартылатын энергия көздеріне, ең алдымен, күн энергиясына айрықша назар аудару қажет деген ойдамыз. Осыған орай, Түркі мемлекеттері ұйымы аясында Энергия тиімділігі жөніндегі озық тәжірибе кенесін құруды ұсынамыз. Дегенмен мұнай мен газды, уранды, көмірді, сирек кездесетін минералдарды игеру және оларды тиімді пайдалану Қазақстанның энергетикалық стратегиясының негізі болып қала береді, — деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, қазір әлемде аса күрделі мәселеге айналған су тапшылығы таяу арада Орта Азиядағы ең өзекті сын-қатер болуы мүмкін.

— Өзен-сулардың ортақ игілік екенін ескере отырып, оны тиімді пайдалану үшін жаңа тәсілдер керек деп санаймыз. Суару жүйесіне цифрлық бақылау орнату, тамшылатып суару әдістерін кеңінен қолдану, су қоймаларының тиімділігін арттыру жөнінде бірлескен бағдарлама қабылдауға болады. Қазір Каспий теңізі тартылып бара жатқанын білесіздер. Бұған бәріміз алаңдап отырмыз. Қарт Каспийдің түркі жұрты үшін орны қашанда бөлек. Оны халықтарымыздың арасындағы дәнекер деуге болады. Соңғы жылдары теңіз деңгейінің төмендеуі аймақтың экологиясы мен экономикасына кері әсерін тигізіп отыр. Бұл — жаһандық ауқымдағы мәселе. Мен мұны Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитінде және Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерекелік сессиясында айттым. Біз тамырлас және шекаралас елдер ретінде Каспий теңізінің ахуалын жақсартуға баса мән беруіміз керек. Мен түркі мемлекеттерін осы бағытта күш біріктіріп, бірлескен жобалар әзірлеуге, халықаралық бастамаларды қолдауға шақырамын. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен келесі жылы сәуірде Өңірлік саммит өткізуді жоспарлап отыр. Тақырып: «Тұрақты болашақ жолындағы ортақ көзқарас». Біз түркі елдері осы саммиттің жұмысына жоғары деңгейде белсене қатысады деп үміттенеміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ұйымға мүше елдер арасында сауда-экономикалық және саяси ықпалдастықпен қатар, мәдени-гуманитарлық байланыс та нығайып келе жатқанын тілге тиек етті.

— Биыл Ақтау қаласы Түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Соның аясында бірқатар іс-шара ұйымдастырылды. Каспий жағалауында түркі мәдениетінің фестивалі өтті. Осы маңызды іс-шараға 100 мыңнан астам көрермен қатысты. Бұған қоса, биыл Алматы қаласы Түркі әлемі жастарының астанасы атанды. Біз өскелең ұрпақты бауырластық рухында тәрбиелеп, жастарымыздың мәдени ықпалдастығын нығайтуды қолға алуымыз қажет. Осыған орай, келесі жылы Алматыда Креативті экономика форумын өткізуді ұсынамыз. Мұндай қадам жастарымызды жақындастыруға, олардың білімін және білігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақта «Өнерлі өрге жүзеді» деген сөз бар. Шын мәнінде, өнер, білім, ғылым құндылықтары өркенітеміздің өрісін кеңейтуге ықпал етеді. Қазақстанда елдеріміздің зиялы қауым өкілдерінің басын қосып, арнайы іс-шара өткізген орынды болар еді. Бұл іс-шараны Ұйымымыздың Ақсақалдар кеңесінің аясында өткізуге болады. Оның үстіне, Түркі әлемін зерттеушілер клубын құруды ұсынамыз. Оны Түркі Академиясының негізінде қалыптастыруға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөз соңында түркі халықтарының тұтастығы мен ынтымағын нығайта түсуге шақырды.

— Әзербайжанның әйгілі ақыны әрі осы тарихи жердің тумасы Бахтияр Вахаб-заденің «Түріктің түрікке дұшпандық жасауға хақысы жоқ!» деген өсиеті бар. Біз аға буынның ұлағатын сөздерін жалымызда сақтап, түркілердің түбі бір туыс, бірлігі бекем бауыр екенін бүкіл әлемге паш етіп келеміз, — деді ол.

Мемлекет басшысы Ұйымға төрағалық ететін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке мол табыс және сәттілік тіледі.

Саммитте Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Түрікменстан Халқ Мәслахатшысы төрағасы Гурбангулы Бердімухамедов, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев және байқаушы тараптардың басшылары сөз сөйледі.

НАН ӨНІМДЕРІ КЕШЕНІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев өңірде жүзеге асырылған ірі инвестициялық жобаларды атап өтіп, жиналған қауымды жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

— Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Экономиканы әртарапандыруды тың қарқынмен жалғастыру керек. Ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті, терең өңделген өнім шығаруға басымдық берілуге тиіс» деген болатын.

Өңірімізде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. 2022-2024 жылдары аймақ

экономикасына 1 триллион 600 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылды.

Биыл 631 млрд 400 млн теңгеден астам инвестиция тарту бағытында жұмыс жүргізілуде. Өткен 8 айда 408 млрд 200 млн теңге инвестиция тартылып, жоспардың орындалуы бойынша Қызылорда облысы республикада бірінші орынға шықты. Жыл соңына дейін жаңа жобаларды іске қосу есебінен жоспар 716 млрд теңгеге дейін артығымен орындалады. Тікелей шетелдік инвестиция тарту бойынша 280 млн АҚШ доллары бекітілген, осы жылдың ІІ тоқсанында 172,9 млн АҚШ доллары тартылып, жоспар 62%-ға орындалды.

Бүгін өңір экономикасына тың серпін

1-бет



ЖАУАПТЫ БАСШЫЛАРҒА ТАПСЫРМА ЖҮКТЕЛДІ

Президентіміз экономикаға қауіп төндіріп, залал келтіретіндердің жолын кесу шараларын үздіксіз жүргізуді тапсырғаны белгілі. Жоспарланған жұмыс көлемінің нақты орындалуы, бюджет қаржысының мақсатты пайдаланылуы бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің, «Байқоныр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының, мемлекеттік кірістер, ішкі мемлекеттік аудит департаменттерінің ұдайы бақылауында болуы тиіс.

Бюджеттік бағдарлама әкімшілері қаржы бөлінгеннен бастап түпкілікті нәтижеге қол жеткізілгенге дейінгі іс-қимылдарды цифрландырып, оның ашықтығын қамтамасыз етуі керек. Тұрақты мониторинг жүргізіліп, бюджет қаржысы мақсатты жұмсалуды қажет.

Мемлекеттік кірістер департаменті Қызылорда қаласы, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, заңсыз айналымдардың алдын алу шараларын күшейтіп, мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер көлемін арттырыңыздар.

Жылу беру маусымының басталуына бір апта уақыт қалды. Өткен мәжілісте көмір қорын жасақтауды тапсырғанмын. Жылу беру маусымында қатты отын, көмір қорына қатысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Көмір жеткізу, қажетті қорды жасақтау жұмыстарын күшейтіңіздер.

Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан дайын 3800 пәтерді сатып алуға 58 млрд 785 млн теңге қаржы бөлінді. Жаңа тұрғын үйлердің сапасына қатысты да ешқандай мәселе болмауы тиіс, — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

1-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ ҮЛГІСІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі ауданының құрметті азаматы Сұлтанбек Оразымбетовті 80 жас мерейтойымен құттықтады. Басқосуға зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері, басқарма басшылары қатысты. Аймақ басшысы мерейтой ісіне құттықтауын жеткізіп, үлкенге құрмет көрсетудің, адал еңбекті бағалаудың маңызын атап өтті.

— Дана халқымыз «Қадірлей білгенге құт қонады, құрметтей білгенге бақ тұрақтайды» деген. Өңіріміздің өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына бар күш-жігерін жұмсап, елдің қошеметіне бөленген аға буын өкілдеріне лайықты құрмет көрсету біздің игі дәстүрімізге айналған. Бүгінгі ресми жиынымыз адал еңбегімен халықтың ықыласына бөленген, онегелі істердің ұйытқысы болған ардақты ағамыз Сұлтанбек Оразымбетовке арналды.

Сыржұртшылығы Сіздің елеулі еңбегіңізді, онегелі өмір жолыңызды жақсы біледі, құрмет тұтады. Парасатқа толы ғұмырыңыздағы іргелі істеріңіз өскелең ұрпаққа үлгі.

Жерлестеріңіз аймақтың дамуына зор үлес қосып, елдің иттипатына бөленген Өзінзидей жандармен мақтанады. Ақдал ниетті азаматтардың атынан бүгінгі мерейтойыңызбен шын жүректен тағы да құттықтап, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз! Тойыңыз тойға ұласа бергей! — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Сұлтанбек Қойшыбайұлы еңбек жолын Қызылту елді мекенінде қарапайым жұмысшылықтан бастап, әр жылдары комсомол ұйымының хатшысы, өндіріс бригадирі, Шиелі аудандық партия комитетінде нұсқаушы, Гигант колхозында партия комитетінің хатшысы, аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы, аудандық партия комитеті хатшысының орынбасары



қызметтерін атқарған. 1994-2012 жылдары Шиелі аудандық мәслихатының бірінші, екінші, үшінші және төртінші шақырылымының хатшысы болды.

Жиында облыс әкімі мерейтой ісіне Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстап, дәстүрге сай құрмет көрсетті. Мемлекет және қоғам қайраткерлері Ибрагим Әбидуллаев, Бекмырза Еламанов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, ел ағасы Қалдыбай Сүгірбаев сөз сөйлеп, ізгі тілек білдірді.

ғали Айтуарұлына, компания ұжымына барша Сыр жұртшылығының атынан алғыссызды білдіреміз, — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жиында Исламғали Қозбақов «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Тұралиевке, денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Артаевқа, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Садық Мұстафаевқа облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды.

КӘСІПОДАҚТАР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ



Кәсіподақтар тарихы елімізде сонау 1905 жылдан бастау алады. Биыл Қазақстан кәсіподақтары қозғалысына 120 жыл толып отыр. Бұл – еңбек адамын әлеуметтік әділеттілік пен жұмысшы құқығын жолындағы ғасырдан астам уақытқа созылған тарих.

Қазіргі Қарағанды облысы аумағында орналасқан Өспен мыс кеніші жұмысшыларының одағы Қазақстан жеріндегі ең алғашқы кәсіподақ ұйымы болып саналады. Олардың басты мақсаты еңбек жағдайын жақсарту, жалақыны әділ төлеу және жұмысшылардың құқықтарын қорғау болды.

Кеңес дәуірінде Кәсіподақтар миллиондаған жұмысшының әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғауға бағытталған ауқымды ұйымға айналды.

Тәуелсіздік жылдарында кәсіподақ қозғалысы күрделі өзгерістерден өтті. Еңбек қатынастары жаңа заңнамалық нормаларға сай реттелді, жұмысшылардың құқығын қорғау жүйесі жаңғыртылды.

Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясы – қатарында 2 миллионға жуық мүшесі бар елдегі ең ауқымды қоғамдық ұйым. Құрылғанына биыл 35 жыл толып отыр. Бұл жылдар ішінде федерация еңбек адамының мүддесін қорғаудың қуатты институтына айналды. КРҚФ құрылымына 16,5 мың бастаушы кәсіподақ ұйымы, 18 аумақтық кәсіподақ бірлестігі және 24 салалық кәсіподақ кіреді. Ұйым халықаралық кәсіподақтар конфедерациясының мүшесі және Орталық Азия елдерінің кәсіподақтар кеңесі мен түркі мемлекеттерінің кәсіподақтар ұйымын құрудың бастамашысы бола отырып, халықаралық әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл жасайды.

2025 жылы 11 шілдеде Астанада Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының XXVII съезі өтті. Бас кәсіподақ форумның 300 қатысушысының ішінде еліміздің барлық өңірі мен салаларын, әлеуметтік әріптестер мен КРҚФ шетелдік әріптестер ойын білдіретін делегаттар бар. Біздің облыстан сөзге 11 делегат қатысты. Олар әртүрлі саладағы кәсіподақ белсенділері, әйелдер және жастар қатысуы да назарға алынған, бөлінген квота бойынша делегаттар бастауыш кәсіподақ ұйымдарынан, жастар кеңесінен сайланды.

Жалпы Қызылорда облысы кәсіподақтары қозғалысының 75 жылдық тарихы бар. 1949 жылғы 31 желтоқсан күнгі Қазақстан кәсіпшілер одағы кеңесінің қаулысымен Қызылорда облыстық кәсіподақтар кеңесі құрылған. 1950 жылы 20-21 наурызда Қызылорда облыстық кәсіподақтар конференциясы өтіп, төрағасы болып Мөрәлі Шаменов сайланған. Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы шешіміне сәйкес 2014 жылы Қызылорда облыстық кәсіподақтар кеңесінің атауы өзгертіліп, Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығы болып құрылған.

Әлемдік тәжірибеге қарап, кәсіподақтар қоғамда қозғаушы күш болған және солай қала бермек. Елдегі әлеуметтік тұрақтылық пен азаматтық үйлесімділікті қамтамасыз етуге ықпалын тигізетін сындарлы, конструктивті күш ретінде анықталады. Негізгі міндеттері – жұмыскерлердің, кәсіподақ мүшелерінің заңды құқықтарын қорғау, мүдделерін білдіруде күш біріктіру, еңбек заңнамаларының сақталуына қоғамдық бақылау жасау, жалақының уақытылы төленуін қалағалау, еңбек жағдайы мен еңбек қауіпсіздігін бақылау, әлеуметтік әріптестікті жетілдіру, еңбек адамының денсаулығына жағдайларын қамтамасыз ету, еңбек қауіпсіздігін арттыру және өндірістік жарақаттардың алдын алу;

- Ұжымдық шарттар жүйесін нығайту;
- Әлеуметтік диалог пен үшжақты комиссиялардың тиімділігін күшейту;
- Жастар мен әйелдердің кәсіподақ қызметіне белсенді араласуын қолдау;
- Халықаралық деңгейдегі кәсіподақ ұйымдарымен байланыс орнату.

Біз қазір жаңа стратегияны өндірік деңгейде жүзеге асыруға кірісудеміз.

2025 жыл – бұл кәсіподақтар қозғалысының жаңа тарихи белесі. Барша әріптестерімізді, кәсіподақ мүшелерін, еңбек адамдарын 10 қазан – Кәсіподақтар күнімен құттықтаймын.

Еңбек адамы – ел дамуының тірегі. Оны қорғау – біздің ортақ міндетіміз!

Максұт НӘПБАЕВ,
Қызылорда облысы аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы



Ибрагим Нұрымбетовтің балалық шағы өткен ғасырдың отызыншы жылдарымен тұспа-тұс келді. Елдің ішін жайлаған ашаршылық қаншама қазаққа ажал қамытын кигізді. Бұл нәубет Нұрымбетовтер әулетіне де салқынын тигізді. Әкеден 10 жасында жетім қалған бала Ибрагим көп ұзамай анасынан да айырылды. Жанашыр жандар 4 жастағы қарындасы екеуін жетімдер үйіне тапсырды. Үй деген аты ғана екен. Бұл мекен жылағанды жұбататын ғана, жүрегің жылылық сезіне алмайтын орын екен. Қарындасы сонда қайтыс болып, жалғыздықтың ауыр күйін көшті. Сол бір сәт бала болса да, санасында өшпес сурет болып сақталып қалды.



ӨМІРДЕ ӨНЕГЕЛІ ІЗІ ҚАЛҒАН

Балалар үйінде алты жыл тұрған жас өрен төрт сыныптық білім алды. Жасы он жетіге толғанда Ташкентке жол тартты. Мұнда да күтпін отырған ешкімі жоқ, ересек болғаннан кейін жұмыс істеп, ақша тапқысы келген еді. Бірақ соның бірден реті келе қойған жоқ. Көшеде жүргенде «Ташкент теміржол техникумына оқушы қабылдайды» деген жазуды көзі шалды. Қолдағы 4 сыныптық білімі туралы куәлікті 8 сынып деп өзгертіп, техникумға құжат тапсырды. Құдайдың қараканы шығар, комиссия құжатқа шұғыл жатпады, жас жігітті оқуға бірден қабылдады.

Өмір жолының жаңа парағы ашылғандай еді. Жатақханаға жайғасып, жағдайы біршама жақсара түсті. Аз болса да тамағы бар, оқуға кірісіп кетті. Бірақ небәрі төрт сыныпты бітірген бала «косинус», «синус» деген терминдерді, тригонометрияны қайдан түсінісін, жаттаудан басқа амалы қалмайды. Жөк-жұқана киімінің басқа іліп алатыны жоқ. Мардымсыз стипендия тамағы мен басқа да керек-жарығынан артылмайды. Қасындағы жігіттердің жағдайы жаман емес. Ата-анасынан тамақ, ақша келіп тұрады. Қашанғы ортақтаса бересің, олардың да жақтыра қоймайтын қас-қабағынан байқау қиын емес.

Сол кезде техникумның кіреберісінде «Халықтардың әкесі» деген жазумен Сталиннің суреті ілулі тұратын еді. «Әке» деген сөзге іші жылып жүретін. Күндердің күнінде қатарлас жігіттерден киім кино, тамақтану, оқу жағынан қалып бара жатқанын сезінген ол бар қиындығын айтып, үшбу хат жолдайды. Ол кезде конверт те жоқ, қағазды үшұйрыштап желімдеп, «Москва. Кремль. Сталинград» деп пошта жөшігіне тастайды.

Бір күні түс мезгілінде жатақханадағы бөлмесіне үш кісі кіріп келді. Аяғында қара былғары етік, басында қара шляпасы бар екен. Үстіндегі киіміне қарап, жай адам емес екенін түсінді.

– Нұрымбетов сен бе? – дейді біреуі. Олардың қойған сауалына еріксіз бас шұлғыды. Екі ай бұрын жазған хатын ұмытып кеткен еді. Көлікке мінгізіп, оны орталық дүкенге алып келді. Басынан аяғына дейін түгелдей киіндірді. Әрқайсысын қос-қостан алып берді. Сосын шайханаға апарып тоя тамақ ішкізді. Жатақханада күтіп тұрған техникум директорына «Мына баланың төсек жапқышын екі аптада бір ауыстырасыз, үш мезгіл тамағын қалдағалап, оқу-құрал, жабылғымен қамтамасыз етесіз, апта сайын моншаға түсіресіз» деп тапсырмасын үйіп-төкті. Бірі «Бұл – менің емес, жоғары жақтың тапсырмасы. Түсіндіңіз бе?» деп бұрылып жүре берді.

Сол күннен бастап техни-

кум оқушысы Ибрагим Нұрымбетовтің өмірі күрт өзгеріп сала берді. Мұғалімдердің тұрақты назарында болды. Көңілі көтеріңкі жүрді, сабақты да жақсы оқыды.

1941 жылы соғыс басталғанда ойына алдымен мемлекеттің қамқорлығы түсті. Әскери комиссаратқа барып, соғысқа сұранды. Осылайша майдан даласына алғашқылар қатарында аттанып, 1942 жылы 19 қарашада Сталинград шайқасына кірді. Артиллериялық зеңбірекке не болған жауынгер жау қоршауын бұзу, фашистер басып алған аймақты босату үшін өткен шайқастарда жасындай жарқырап көрінді. Оттан ықпады, оқтан бүкпады. Осындай ержүректігі үшін III дәрежелі «Даңқ» орденін омырауына тақты.

– Өкемен естіген мына бір әңгіме де есімнен кетпейді, – дейді баласы Жорабек. – 1943 жылы Кеңес жауынгерлері Запорожье қаласын азат ету шайқасына белсене қатысты. Неміс әскері Днепр өзенінің жағасында өте күшті қорғаныс шебін құрған екен. Оны оқопта жатып оқ атып алу мүмкін емес, солдаттар тек алға ұмтылу керек. Сол қиян-кескі шайқаста адам шығыны өте көп болған көрінеді. Өкеменің айтуынша, жауынгерлер өлімнен ешбір қорықпай, кеудесін оқа төсеген. Осы шайқаста ол кісі «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Соғыс кезінде бұл медальдің дәрежесі орденнен жоғары болды.

Осындай сұрқай күндердің бірінде жас жауынгер командирінен тапсырма алып, грузин офицерімен бірге жау шебіне қарай жолға шығады. Алайда ойламаған жерден алдынан неміс танкілері шыға келеді. Екі жауынгер дереу снаряд шұққа-нақтарына қата кетіп, темір тажалдарға қарсы ұрыс әрекетіне кірісті. Жер бауырлап, граната лақтырып, екі танкіні өртеп, танкистерді автоматпен атып өлтірді. Осының бәрін генерал дүрбімен көріп тұр екен. Тапсырманы орындап оралғанда дивизия командирі өкеменің кеудесіне II дәрежелі «Даңқ», жоғары сергіне «Қызыл жұлдыз» орденін тағыпты.

Жорабек ағамыздың айтуынша, әкесінің батальон командирі алматылық орыс жігіті болған екен. Бірде ол үнемі ұрыстың алдыңғы қатарында жүретін жерлесін үлкен нағрадаға ұсыну жөнінде ойын айтады. Бірақ ол кісі қарсылық білдіріп, сол нағраданы өзінің қасындағы тәжік жігітке беруді сұрайды. Тәжік жауынгері кеудесіне орден тақысы келетінін айтып жүретін.

1945 жылы Румыния жерін фашист жауынгерлерінен босату үшін ұрыс бір айға созылды. Осы бұста Ибрагим Нұрымбетов «Бүлапешті азат еткені үшін» медалімен марапатталды. Одан

кейінгі марапаты II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен толықты. Жөніс күнін Венгрия жерінде қарсы алған жауынгер 1947 жылы аман-есен елге оралды.

– Майдан даласынан келгеннен кейін бірден еңбекке араласып, астық базасында күзетшілердің басымысы болды. 1950 жылдары сауда орталығында кіші тексеруші қызметін атқарды. Сауда саласында істейтін талай жанның білімі жетпегендіктен мемлекет алдында берешек болып қалған кезі аз емес еді. Сол сәтте әкем қаншама кінәсіз адамға араша тұрғанын өзге кісілерден естілді. Соғыста Отанын оқтан қорғанан ол бейбіт өмірде де жерлестерін аман сақтап қалды. Өкеміз 1954 жылдан бастап Жанакорған ауданы «Красная звезда» колхозында шаруашылық экономикасын көтеруге күш-жігерін жұмсады. 1986 жылы дербес зейнеткерлікке шықты, – деді Жорабек аға.

Майдангер ақылдың бұлағын ағызып, өсетінін шырағын мазда-тып отыратын қазыналы қарт болды. Дүниетанымы терең, зейін-зердесі мол кісі еді. Қолынан газет-журналды тастамайтын. Ұжанды ұрпақтарына сөзімен емес, ісімен тәрбие берді. Барша туған-тұсқанына, халқына қадірін білдірді. Ол – жақсылыққа жаратылған асқақ болмысымен тірі кезінде-ақ өзіне келмейтін тастауың соғып кеткен жан.

Ибрагим аксақал таза еңбек адамы еді. Бейнет жасалым деп міндет етпейтін. Соғыс ардагерлеріне берілетін жемдіктерден де бас тартты. «Майданда жүргенде Құдайдан жауымды жөніп, жұртыма аман қосылуды сұрадым. Құдай сол тілегімді берді, басқа ештеңе сұрамаймын» дейтін. Еліміздің жарқын болашағын, аймағымыздың өсіп-өркендеуін, халықтың ауызбіршілігін тілеп отыратын. Содан болу керек, аймаққа келген басшылар Ибрагим аксақалға арнайы сәлем бергенін талай мәрте көзіміз көрді. Қазаққа «батымен ел көгерелді, жанбйрмен жер көгерелді» деген сөз бар, елге, халыққа жасаған жақсылықтан алған батысының арқасы шығар, қазыналы қария 99 жыл 4 ай өмір сүріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, өмірден озды.

Елі, жері үшін жасаған қаһармандық ерлігін және өмір жолында көрсеткен өнегелі еңбегін елеген Қызылорда қаласының басшылығы екінің дүниежүзілік соғыстың 80 жылдығында облыс орталығынан көше атын беруге шешім қабылдады. Оны жалғыз бір отбасының емес, бүкіл аймақ халқының қуанышы деп түсінудіміз керек.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

ӨМІР ҰЗАҚТЫҒЫМЕН ЕМЕС, МАЗМҰНЫМЕН ӨЛШЕНЕДІ

Сыр елі – ежелден елдік пен ерліктің, тектілік пен парасаттың топырақта туған әр азаматтың өмірі ел тарихының бір бөлігіне айналып отырады. Сондай есімдердің бірі, ел есінде мәңгі сақталған, өмірі қысқа болса да, ізі терең Әшірбек Таубайұлы Таубаев еді.



Әшірбектің атасы Ботпан бай ел ішінде жомарттығымен, қайырымдылығымен танылған. «Ботпан байдың асынан дәм татпаған адам жоқ» деген сөз ел жадында сақталып қалған. Ол мешіт салып, сауат аштырған, жұт кезінде аш-жалаңашқа мал үлестіріп, жөк-жітікке көмектескен. Ұстанымы айқын болатын, байлық елдің игілігі үшін жұмсалуды тиіс.

Ботпанның ұлы Таубай да әділ, көзі ашық, көкірегі ояу азамат болған. Алайда 1937 жылдың зобаланы бұл әулеттің де тағдырын қиратты. Ботпан мен Таубай «халық жауы» атанып, қуғынға ұшырады. Осындай ауыр кезеңде ер жеткен Әшірбек ерте есейді, тағдыр сыны оны қайыспайтын, рухы биік азамат етіп қалыптастырды.

Анасы Бекзада – сабыр мен иманның, мейірім мен парасаттың иесі. Балаларының бойына адамгершілікті, адалдықты, еңбекқорлықты дарытты. Ал ағасы Әлібек отбасының тірегі, бауырларына қамқор болды. Осындай ортада өскен Әшірбек азаматтық мінезі мен тектілік болмысын осы тәрбиеден алды.

Мектепті үздік тәмамдаған соң ол Алматы мемлекеттік медицина институтының фармацевтика факультетіне оқуға түсті. Бұл сол кездегі ауыл баласы үшін үлкен жетістік еді. Оқу орнында алғырлығымен, ұқыптылығымен, парасаттылығымен көзге түсті.

Институтты бітірген соң, туған жері Қызылорда облысына оралып, фармацевтика саласында еңбек жолын бастады. Алғашқы жылдары дәрхана басқармасында инспектор болып қызмет етті. Кейін өз ісіне адалдығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында облыстық дәрхана басқармасының басшысы қызметіне көтерілді.

Ол еңбек еткен 1970 жылдары Сыр өңіріндегі дәрхана ұйымы республика бойынша алдыңғы қатарға шықты. Дәрі-дәрмек жеткізу, ауылдық пункттерге медициналық қызмет көрсету ісін жүйілеп, халыққа сапалы қызмет көрсетуге күш салды. Замандастары оны жұмысын жүрегімен істейтін адам еді деп еске алады.

Әшірбек Таубайұлы басшылық қызметте жүргенде қарамағындағы әріптестеріне талап қойып қана қоймай, олардың қамын ойлады. «Маман болу – парыз, ал адам болу – қасиет» дейтін өмірлік қағидасын ісімен дәлелдеп өтті. Әріптестері оны сабырлы, әділетті, парасатты басшы ретінде таниды.

Өмірлік серігі Шаризат Лұптықызымен 1961 жылы шаңырақ көтерген. Екеуі тағдыр қосқан жарасымды жұп болды. Шаризат апай – инәбатты, кенепілі, жолдасына тірек, отбасына берекесі болған жан. Бұл шаңырақ Сыр бойындағы көпшілікке ұлғасып, іні-қарындасына қамқор, ағайынның арасын жалғаған мейірім ордасы еді.

Өкінішке қарай, Әшірбек Таубайұлы 1973 жылы небәрі 37 жасында дүниеден өтті. Ол өз өмірін еліне, кәсібіне арнап, бар күш-жігерін халқының саулығы жолына жұмсады. Артында өмірін жалғаған, әке атын абыроймен арқалап жүрген төрт ұл қалды. Бүгінде ұлдары мен немерелері Сыр өңірінде, Алматы, Астана қалаларында ел игілігіне еңбек етіп, отбасылық өнегені жалғастырып келеді.

Қызметтестері мен замандастарының айтуынша, Әшірбек ешқашан еңбегін бұлдаған емес, керісінше, қарапайымдылық пен адамдықты бәрінен жоғары қойған. Елдің қамын ойлап, ағайынның абыройын сақтауды азаматтық борын санады.

Сыр бойының адал ұлы Әшірбек Таубайұлының ғұмыры – өнегелі өмірдің, ұлтқа қызмет етудің айқын үлгісі. Оның есімі ел есінде мәңгі сақталып, ұрпағына рухани бағдар болып қала бермек.

Адам өмірінің ұзақтығы емес, мазмұны маңызды. Әшірбек Таубайұлы аз ғұмырында үлкен із қалдырды. Ол – текті әулеттің абыройын асырған, туған еліне еңбегімен, жүрегінің жылуымен танылған азамат.

Мұндай тұлға туралы жазу – парыз, ұрпаққа жеткізу – аманат.

Берік САЙМАҒАНБЕТОВ,
Мәдениет қайраткері, жыршы

ЕГІН ОРАҒЫ МӘРЕГЕ ЖАҚЫНДАДЫ

Үкімет қолдауымен Сырдария өзенінің жоғарғы ағысындағы көрші мемлекеттермен дер кезінде келіссөз жүргізілді. Бұл егісті өз мөлшерінде сумен қамтамасыз етуге жол ашты. Үкімет резервінен 53 жылжымалы дизельді насос алуға 1 млрд теңге бөлінді. Барлық каналдағы су алу кестесі ұдайы бақыланып, егіске су арнайы кесте бойынша берілді. Қашыртқыдағы су екінші мәрте 324 насос қондырғысы арқылы пайдаланылды.

Айта кетерлігі, еліміздің Төтенше жағдайлар министрлігі 139 қызметкерден құралған жеке құрам мен 25 жылжымалы су насосын көмекке жеткізді. Осындай қолдау арқылы вегетациялық кезеңде ешқандай шығынға жол берілген жоқ, – дейді басқарма басшысы.

Т.Дүйсебаевтың айтуынша, алдын ала болжам бойынша келесі жылы да дария деңгейі биылғымен шамалас болады. Бұл жергілікті 77 мың гектар көлемінде сак-

тауға мүмкіндік береді. Дегенмен суға байланысты әлі де нақтыланады. Себебі, жоғарыдан «Шардараға» түсіп жатқан су аз.

Кейінгі жылдары суды аз қажет ететін дақылдар көлемін арттыру, егісті әртараптандыру мәселесіне ерекше мән беріліп отыр. Осыған орай суды аз қажет ететін дақылдар 2242 гектарға ұлғайды. Облыста ерте егілген дәнді дақылдарды жинау аяқталған. Қазір күріш, малазықтық, майлы, көкөніс-бақша өнімдері қоймаға жиналып жатыр.

– Жергілікті ғалымдар шығарған «Сыр сұлуы» сортының тиімділігі байқалды. Ендігі кезекте оның тұқымы шаруашылықтар арқылы көбейтілмек. Қазір келіссөз жүргізілуде. Алдағы уақытта бұл сортты Қазалы, Қармақшы аудандарында егеміз деген жоспарымыз бар. Өйткені, дарияның аяғында орналасқан бұл аудандарда жылда суға қатысты қиындық туындап жатады. Өзге сортпен салыстырғанда «Сыр сұлуының» вегетациялық кезеңі қысқа.

Мәселен, қазір егіліп жүрген сорттардың көбісі 120-125 күнде піссе, бұл сортақ 100-105 күнде орақ салуға мүмкіндік бар. Осының өзі өнім деңгейін жоғарылатуға әсерін тигізеді, – деді басқарма басшысы. Қазіргі таңда егілген 80,9 мың гектар күріштің 77 мың гектары орнып, 69 мың гектары бастырылды. Одан 375,3 мың тонна өнім алынып, орта өнім гектарына 54,4 центнерді құрай отыр. Күріш оқу жұмыстарын қазан айының екінші онкүндігінен кешіктірмей аяқтау жоспарланған. Қазірге дейін алдағы жылдың егісіне қажетті 19,5 мың тонна тұқымның 79 пайызы қамбаға құйылды.

Облыс бойынша 5 мың гектар күздік бидайдан 6,1 мың тонна өнім жиналды. Орта өнім гектарына 12,2 центнерден келді. Сондай-ақ 5,4 мың гектар жаздық бидайдан 3,5 мың тонна өнім қамбаға құйылды. Ал жүгеріден 1946 тонна өнім алынды. Оған қоса мақсары, құнбағыс, картоп, көкөніс, бақша өнімдері жиналуда. Өнім

деңгейі көңіл демдерліктей. Малазықтық дақылдарды оқу жалғасуда. Жоңышканың үш ормынан 326 мың тонна шөп жиналды, – дейді басқарма басшысы.

Су үнемдеу технологиясын қолдану арқылы биыл 8,1 мың гектар ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде 5,8 мың гектарға тамшылатып, 2,3 мың гектарға жаңбырлатып суару әдісі қолданылды.

Бүгінде 4 мыңнан астам техника егін жинауға қатысуда. Жыл басынан бері 3,9 млрд теңгеге 133 техника сатып алынды. Негізінде «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы арқылы жеткізілді. Егін жинауға 10,4 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінген еді, ол өңірге уақытылы жеткізілді.

Жергілікті шаруалардың берекелі тіршілігі жалғасын тауып, есепті еңбек мөл табысқа жол ашты.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»



«НАЙЗАҒАЙДЫҢ» ЖАРҚЫЛЫ

А.Островскийдің «Найзағай» драмасын қойған сахнагерлеріміздің осынау теңдессіз жұлдісі аймақ руханиятының мерейін асырып, кәсіби шығармашылық ұжымның мықтылығын тағы бір дәлелдеді. Ұлттық театрдың негізі қаланған қала Қызылордадан барған қойылымның жоғары бағаланғаны еңбектің еселеніп қайтқаны деп білеміз.

Бұған дейін де талай фестивалде ең жоғары нәтиже көрсеткен театр труппасының репертуары жыл сайын толысып, көрермендерінің қатары артып келеді. Алдағы уақытта да жүйелі жоспар құрған облыстық театр ұжымына қанжығамызға салған қомақты жұлдісі үшін зор ризашылығымызды білдіреміз! Алтын жұлдіде құтты болсын!» деп жазды облыс әкімі әлеуметтік желідегі парақшасында.

Айта кетейік, театрдың шығармашылық ұжымы орыс халқының белгілі драматургы Александр Островскийдің «Найзағай» драмасымен екінші мәрте халықаралық деңгейде бас жүлде иеленіп отыр. Осыған дейін Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының 70 жылдығына орай өткен «Сырдың Сәбірасы» атты халықаралық театр фестивалінде бас жүлде алған. Фестивальге Грузия, Румыния, Қырғызстан театрлары қатысқан еді.

Театр директоры Мұхтар Ниязтың айтуынша, іргелі өнер ұжымының шығармашылық жетістіктері — аймақ басшысының айрықша қолдауының нәтижесі.

— Қазақстан, Ресей, Армения, Қырғызстан, Иран, Түркия, Грузия сияқты елдердің маңдайалды театрлары бақ сынаған бұл долада топ жару — біз үшін үлкен жетістік. Айта кету керек, «Найзағай» қойылымы екінші мәрте халықаралық фестивалде өзін

1-бет.

«СБ» ақпарат

ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІН ТОҒЫСТЫРҒАН «ҚОРҚЫТ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА САЗЫ»

Ең алдымен басқарма басшысының орынбасары фестиваль аясында ұйымдастырылып отырған мәдени-көпшілік іс-шаралардың барысымен таныстырды.

— Өздеріңізге белгілі, фестиваль ең алғаш 2006 жылы бастау алған болатын. Биыл VII мәрте өткізілгелі отыр. Оның аясында туысқан халықтар арасында дәстүрлі өнерді дәріптеу, сол арқылы мәдени байланысты нығайтуға назар аударылады.

Фестиваль бағдарламасы Н.Бекежанов атындағы театрда қазақ өнерін әлем сахналарында паш етіп жүрген «TURAN» этно-фольклорлық ансамблінің концертімен бастау алмақ.

Ал 9 қазан күні фестиваль қонақтары, ғалымдар мен өнерпаздар Қорқыт бабаның кесенесіне арнайы ат басын бұрып, түркі руханиятын қайта жаңғыртып, баба рухына тағзым етеді. Одан әрі қарай Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата мемориалды кешенінің амфитеатрында фестивальге қатысушылардың концерті өтеді.

10 қазанға «Қорқыт мұрасы: Түркі әлеміне ортақ эпикалық құндылықтар» тақырыбында халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы жоспарланған. Конференцияда ғалымдар зерттеулері арқылы Қорқыт мұралары кенінен насихатталып, тақырып ауқымы тарихи деректермен толыға түсеріне сенімдіміз.

1-бет.



Сол күні «Өнер орталығында» «Жібек жолы жаңғырығы» атты Сыр бойы дәстүрлі-мәдени мұраларының Modern-көрмесі ұйымдастырылып, халықаралық «Қорқыт және Ұлы дала сазы» фольклорлық-музыкалық өнер фестивалінің гала-концерті ұйымдастырылады, — деді Қ.Жанұзақов.

Қордың ресми өкілі Серік Нұрмолдаев Сыр елінде ұйымдастырылып отырған халықаралық фестивальдің тарихи-мәдени тұрғыда маңыздылығын атап өтіп, «Түркі мәдениеті және мұрасы» халықаралық қорының президенті Ақтөте Райымқұлованың сәлемін жеткізді.

— Біздің қор 2012 жылдан бастап

түркі мәдениетін әлемге насихаттау жолында көптеген жобаны жүзеге асырып келеді. Биыл да қорға төрағалық ететін Қазақстан Республикасы. Бұл орайда ел аумағында атқарылатын жоба аз емес.

Өздеріңіз білесіздер, Қорқыт ата — тек қана қазақ халқы үшін емес, бүкіл түркі әлемін біріктіріп тұрған ұлы тұлға. Сондықтан бұл жобаны іске асыру біздің қасиетті борышымызға айналған десек болады. Осынау халықаралық іс-шараны өткізуге қолдау көрсеткен Қызылорда облысы әкімдігіне алғысымыз шексіз, — деді ресми өкілі.

Ғалым Фикрет Қаракия жас күнінен дәстүрлі музыка саласын зерттеп келе

жатқанын, бүгінде «Түркі әдебиетіндегі әуендер, мақамдар және дауыстар» кітаптары жарыққа шыққанын айтты. Осы орайда Қорқыт бабаның музыкалық мұрасы бойынша зерттеу еңбектер жазған. Қазір Стамбул университетінде дәріс береді. Бүгінде оның ізденісін шәкірттері жалғастыруда.

Владимир Ынтаев Алтай елінің ыстық ықыласын жеткізіп, қазақ еліндегі дәстүрлі музыканың сақталуы және оның халықаралық деңгейде насихатталуы өте маңызды әрі өміршең жоба екенін айтып, ризашылығын білдірді. Өзінің айтуынша, ол «Қорқыт және Ұлы дала сазы» фестиваліне екінші рет қатысқалы отыр.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты халықаралық фольклорлық-музыкалық өнер фестивалі шеңберінде түркі халықтарының рухани және мәдени мұрасын жаңғыртып, әлемдік деңгейде танытып келе жатқан «TURAN» этно-фольклорлық ансамблі «TAMUR» атты ерекше музыкалық жоба аясында өнер көрсетті.

«TAMUR» — түркі халықтарының бай этномызыкалық дәстүрлерін қазіргі заманға лайықты тыңдау үлгісімен ұштастырып, ұлттың рухани тамырын жаңғыртуға арналған жоба. Оған қазақ, түрік, ұйғыр, қырғыз, әзербайжан және басқа да түркі халықтарының музыкасы енген.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

/// СЕМИНАР

КӨРНЕКІ АҚПАРАТ САУАТТЫ ЖАЗЫЛУЫ ТИІС

Облыстық қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен «Көрнекі ақпарат мәселелері» тақырыбында семинар өткізілді. Онда өңірдегі көрнекі ақпарат пен жарнама мәтіндерінің мемлекеттік тілдегі сауатты қолданылуы, заңнама талаптарының сақталуы талқыланды. Жиынға А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандары қатысып, өңірдегі тіл саласына жауапты өкілдермен өзара тәжірибе алмасты.

Семинарды облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Уәлихан Ибраев кіріспе сөзбен ашып, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мен оның қоғамдық кеңістіктегі қолданылу сапасын көтеру бағытындағы жұмыстардың маңыздылығына тоқталды.

Жиында «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы мен басқарма арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, алдағы ортақ жұмыстардың бағыттары айқындалды.

Облыстық қоғамдық даму басқармасының тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы Ә.Әліева «Қызылорда облысындағы көрнекі ақпараттың жай-күйі туралы», А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әлеуметтік лингвистика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Г.Исеева «Жарнама мәтіндерін ішкеріңіз: көрнекі ақпаратты зерттеудің жаңа мүмкіндіктері», Алматы қалалық ішкі саясат басқармасының бас ма-



маны А.Нұрғазы «Қазақстан Республикасы Тіл туралы заңнамасы талаптарының сақталуы», Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты А.Абасилов «Мемлекеттік тілдің көрнекі ақпарат пен жарнама саласындағы қызметі» тақырыптарында хабарлама жасады.

Ә.Әліева өз баяндамасында мемлекеттік тілдің қолданысы аясында заң талаптарының сақталуын қамтамасыз етуде жыл бойы облыс орталығында және

аудандарда көптеген ақпараттық, насихаттық іс-шара атқарылғанын атап өтті.

— Мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар бойынша заңнама талаптарына енгізілген өзгерістер туралы «AMANAT» партиясы жанындағы азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі «Мирас» аймақтық кеңесінің отырысында, облыстық кәсіпкерлер палатасы жанындағы білім саласы және әлеуметтік кәсіпкерлік, сауда қызметін көрсету, туризм салалық кеңесінің бірлескен отырыстарында ақпараттандырылып, тіл мәселелері тұрақты қаралып келеді, — деді ол.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты өкілдері көрнекі ақпараттар, көше бойына жарнама орналастыруда көптеген қиындық туындайтынын, әйтсе де кез келген мәселе ҚР Тіл туралы заңының аясында мемлекеттік тілдің мәртебесіне сай шешімін тауып отырғанын айтып, тәжірибесін бөлісті.

Жалпы семинарда мемлекеттік тілдің қолданысы аясын кеңейту, көрнекі ақпараттарда мемлекеттік тілді қолдануда заң талаптарын сақтау, сала базасындағы статистикалық деректер мен есептік сапасын жетілдіру мәселелері талқыланды. Сондай-ақ облыстағы мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру, тілдерді дамыту бағытында нәтижелі жұмыстар атқарып жүрген сала мамандары марапатталды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Жарнама бергіңіз келсе, 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Орман және дала өрттеріне абай болайық!

Табиғат байлығының бірі орман екені барлығымызға белгілі. Олардың қоршаған ортаны қорғаудағы маңызы өте зор. Айта кетсек, олар су режимін біркалыпты ұстап, топырақты түрлі эрозиялардан сақтап қана қоймай, ауаны ұлы газдардан тазартып, оттегі бөліп отырады. Табиғат тепе-теңдігін сақтап тұрушының негізгі себепшісі — орман. Алайда орман қорындағы әртүрлі өсімдіктер мен жануарларға үлкен зағал тигізетін қатердің бірі өрт болып табылады. Өрттің негізгі себептеріне тоқталсақ, олардың табиғи факторлар себепінен болатыны өз алдына, адамзат тарапынан себепші болуы басты мәселе болып қала береді.

Қызылорда облысындағы құрғақ және желді климат, шөптесін өсімдіктердің көп болуы орман, дала өртінің тез өріс алуына мүмкіндік туғызды. Өрт қаупі кезінде орман және дала өрттерінің өсуі көбінесе ауақтың қажет емес қалдықтардан тазарту және ауыл шаруашылығы жерлерінде қажет емес өсімдіктерді немесе қалдықтарды жағу жұмыстарын жүргізу барысында кездеседі. Ауыл шаруашылығы жерлерін және қалдықтарды жағу жұмыстарын жүргізу кезінде тиісті бақылау жүргізілмеуінен, шаруашылықтарда минералданған жолақтарының болмауынан жақын орналасқан орман алқаптарына жалын тарап, артығына түзелмейтін шығынға әкеліп соқтырады.

Облыс тұрғындары төменде көрсетілген ережелерді сақтауыңызды сұраймыз:

— шабындық, егістік, орман алқаптарында қураған шөптерді, қоқыстарды өртеуге және бақылаусыз қалдырмауға жол бермеуді;

— ауа райы құрғақ, ыстық және қатты жел кезінде алау жақпауды;

— демалыс орнынан кетерде алауға су құйып, құм немесе топырақ сеуіп кетуді, жалын жатқан қалдықтар мен сіріңкені лақтырмауды;

— өтер өрт аумағында болсаңыз, өзін-өзіңіз күшіңізбен сөндіру мүмкін болмаса, оның таралу бағытын және шығу бағдарын анықтап, құтқару қызметіне 101, 112 нөмірі арқылы хабарлауды.

Орман, тоғайлы, далалық алқаптарда өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар жергілікті атқарушы органдар, полиция қызметі, орман шаруашылығы мен төтенше жағдайлар қызметі қызметкерлерінен мобилдік топтармен әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны жөнінде ескертеміз.

Қазіргі таңда мобилдік топтармен орман, тоғайлы, далалық және егістік алқаптарда рейдтік шаралар жүргізілуде.

Өрт — тілсіз жау. Орман, тоғайлы, далалық алқаптарда өрт оқиғаларын болдырмау үшін қарапайым өрт қауіпсіздік шараларын сақтауды ұмытпайық!

«Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ

Хабарландыру

«Великая стена» Бұрғылау Компаниясы ЖШС 16.10.2025-22.10.2025 ж. аралығындағы кезінде Бірыңғай экологиялық порталда (ndbecology.gov.kz) «Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Қызылорда-Кумкол таң жолының 104 км жерде орналасқан «Великая стена» Бұрғылау Компаниясы ЖШС өндірістік базасының шаруашылық қызметі үшін» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады (ndbecology.gov.kz) ескертулер мен ұсыныстар беру үшін.

Объявление


ООО Буровая компания «Великая стена» сообщает о том, что в период с 16.10.2025-по 22.10.2025г. на Едином экологическом портале (ndbecology.gov.kz) будет проводится общественные слушания в форме публичного обсуждения по Разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту для хозяйственной деятельности производственной базы, расположенной в Кызылординской области, Сырдарьинском районе, 104 км трассы Кызылорда-Кумколь ТОО Буровая компания «Великая стена» (Кызылорда)

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале(ndbecology.gov.kz) для предоставления замечаний и предложений.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Өсиет бойынша мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Абдреев Сунгат Илесбаевич (лицензия №13019285, 12.12.2013г.) 2024 жылдың 19 шілдесінде қайтыс болған азаматша Аханова Кенжетуль Несипбаевнаның атынан өсиет бойынша мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №60 А, тел.: 8 777 772 80 80.



www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БОЙЫ МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
МАРАТ АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)
экономика — 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)
жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.